

**6D051800 – Жобаларды басқару мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынған:
Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның
«Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері
(«ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұсынымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық дамуының басым бағыттары мен стратегиялық мақсаттарын іске асыруға бағытталған ресми нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес дайындалды. Атап айтқанда, зерттеу келесі мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттар негізінде орындалған: - Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдедегі №482 қаулысымен бекітілген; - Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1050 қаулысымен бекітілген; - Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асыру мониторингі мен бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидалары, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №129 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-

			техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына (4. Елдің зияткерлік әлеуеті. 4.2. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. Мамандандырылған бағыт – Цифрландыру мен инвестициялық трансформация жағдайында салалар мен компаниялардың экономикасын, басқаруын және дамуын жетілдіру) сәйкес келеді.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы</u> <u>ашылған</u> /ашылмаған	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымның дамуына елеулі үлес қосады, өйткені ол ірі инфрақұрылымдық компаниялардың стратегиялық мақсаттарын жүзеге асырудың негізгі тетігі болып табылатын жобалық менеджмент арқылы білімді кеңейту мен өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Зерттеудің ғылым үшін маңыздылығы инфрақұрылымдық компанияларда жобаларды басқарудың теориялық негіздерін жетілдірумен және икемді әдіснамалар мен білімдерді басқару жүйелерін пайдаланумен айқындалады. Жұмыста жобалық менеджменттің ұғымдық аппараты нақтыланып, Agile, Knowledge Management және GERT алгоритмін біріктіретін авторлық интеграцияланған модель ұсынылған. Алынған ғылыми нәтижелер жобаларды басқару теориясын жетілдіруге ықпал етіп, стратегиялық басқару, цифрлық трансформация және компаниялардың инновациялық дамуы саласындағы одан арғы зерттеулер үшін жаңа әдіснамалық негіз қалыптастырады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың жоғары дербестік дәрежесі компанияның бизнес-процестерінің тиімділігін арттыру үшін жобаларды басқарудың икемді әдіснамаларын (Agile, Scrum) және білімдерді басқару құралдарын зерттеуге арналған жеке ғылыми еңбектері білдіреді.

			Зерттеудің дербестігін растайтын дәлел ретінде 6 ғылыми жарияланым ұсынылған, оның ішінде 1 – халықаралық Scopus, Web of Science базаларында, 4 – ҚР БҒМ КОКСНВО ұсынған отандық ғылыми журналдарда және 1 – халықаралық конференциялар материалдарында жарияланған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі кезеңдегі шектеулі ресурстар жағдайы мен күрделене түскен бәсекелестік орта талаптарынан туындайды. Ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында инвестициялық жобаларды тиімді басқару белгісіздік деңгейінің жоғары болуын, бюджеттік қаражатты орынды бөлуді және шешім қабылдау үдерісін үйлестіруді қажет етеді. Осындай жағдайда дәстүрлі жоба басқару тәсілдерінің икемсіздігі мен бейімделу мүмкіндігінің шектеулілігі байқалады. Сондықтан зерттеу тақырыбының практикалық және ғылыми маңызы осы объективті факторларға негізделген және ерекше өзекті болып саналады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды және толық көрсетеді. Бөлімдердің атаулары зерттеу тақырыбының проблемалық мәселелерін кеңінен қамтып, қойылған зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыстың негізгі мазмұны зерттеліп отырған мәселелерді айқындайтын диссертанттың авторлық көзқарасы мен ғылыми ұсынымдарының болуымен сипатталады.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмиді	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Зерттеудің басты мақсаты – компанияның бизнес-процестерінің тиімділігін арттыруға бағытталған әдіснамалық тәсілдер мен білімдерді басқару құралдары негізінде ресурстарды дамыту үшін инвестициялық жобаларды басқарудың интеграцияланған моделін қалыптастыру болып табылады. Белгіленген мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер өзара байланысымен және логикалық дәйектілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, компания қызметіне инвестициялық жобаларды тартудың интеграцияланған үлгісін ұсыну зерттеу мақсатының жүзеге асқанын нақты дәлелдейді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыс ішкі біртұтастығымен, теориялық-әдіснамалық, әдістемелік және эмпирикалық бөлімдерінің өзара үйлесімділігімен сипатталады. Материал мазмұны логикалық тұрғыда дәйекті баяндалып, тиісті қорытындылармен толықтырылған. Зерттеудің бір міндетін шешу келесі кезеңге өтудің алғышарты болып табылады, бұл жұмыстағы артық ақпараттың болмауын және зерттеу кезеңдерінің тең маңыздылығын қамтамасыз етеді. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы толық байланысқан, бұл зерттеу нәтижелерінің логикалық бірізділігін және ғылыми тұжырымдардың өзара сабақтастығын айқындайды.

		4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сын талдау бар;</u> 2) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Зерттеу жұмысында диссертанттың объективті білімге ұмтылысы айқын байқалады. Бұл зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған еңбектерге жасалған кең көлемді шолу мен олардың терең сын тұрғысынан талдануынан көрініс табады. Ұсынылған жаңа қағидаттар мен әдістер негізделіп, бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстырыла отырып бағаланған, сонымен бірге ғылыми тұрғыдан сын талдау жүргізілген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1.Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста жүргізілген экономикалық талдаулар нәтижесінде алынған ғылыми қорытындылар мен нәтижелердің шамамен 75%-ы ғылыми жаңалық деңгейінде болып, зерттеудің өзектілігі мен дербестігін айқын көрсетеді.
		5.2.Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда ұсынылған тұжырымдардың шамамен 75%-ы ғылыми жаңалыққа ие, себебі олар талдаудың барлық деңгейлерін қамтып, әрбір құрамдас элементі жан-жақты зерттеліп, бағаланған.

		5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған экономикалық және басқарушылық шешімдер жаңашылдығымен ерекшеленеді, өйткені зерттеу барысында ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан бұрын қолданылмаған әдістемелік тәсілдер мен талдамалық нәтижелер пайдаланылған. Бұл шешімдердің құндылығы олардың әлеуметтік-экономикалық әсерімен және тәжірибелік тұрғыдан іске асыру мүмкіндігімен айқындалады, сондықтан олар шамамен 75% деңгейінде ғылыми және практикалық жаңалық ретінде бағаланады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары жобаларды басқару теориясының ғылыми негіздері мен тұжырымдамаларына сүйене отырып дәлелді түрде жасалған. Нақтырақ айтқанда, бұл қорытындылар келесі ғылыми әдістер мен теориялық ұстанымдарға негізделеді: - Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік секторындағы кәсіпорындардың ресурстық дамуын талдау және бағалау барысында математикалық-статистикалық әрі эмпирикалық әдістер қолданылған; - Инвестициялық жобаларды басқаруды жетілдіру мақсатында заманауи халықаралық тәжірибе зерделеніп, тиімді әдіс-тәсілдері бейімделген; Зерттеу үдерісінде жобаларды басқарудың қазіргі заманғы теориялары мен тұжырымдамалары, сондай-ақ инвестициялық жобаларды басқарудың ерекшеліктерін ескеретін әдістемелік тәсілдер қолданылып, оларды жетілдіру бағыттары ұсынылған. Жалпы алғанда, диссертацияның негізгі нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген, ал ұсынылған тұжырымдар

			мен шешімдер дәлелді және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Қорғауға шығарылған 1-ережеге баға берудің нәтижесі: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия;</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия;</u> 2) жоқ	1-ереже: компанияның ресурстық дамуы жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін жоғарылату мақсатында жобаларды басқарудың икемді әдіснамалары мен білімдерді басқару жүйесін қолданудың маңыздылығы дәлелденді. Зерттеу барысында ғылыми тұрғыда негізделген қағидалар пайдаланылып, ақпараттарды талдау, логикалық қорытынды жасау және жүйелеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұстанымдар жаңашыл сипатқа ие.
		Қорғауға шығарылған 2-ережеге баға берудің нәтижесі: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді;	2 - ереже: «ҚТЖ» ҰК» АҚ ерекшеліктеріне бейімделген Agile, GERT және Knowledge Management әдістерінің өзара ықпалдастығы негізінде инвестициялық жобаларды басқарудың интеграцияланған авторлық моделі жасалды. Бұл тұжырым ғылыми тұрғыдан дәлелденген және зерттеу

		3) шамамен дәлелденбеді 4)дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	нәтижелері теориялық әрі тәжірибелік тұрғыдан жаңалыққа ие. Зерттеу барысында жобаларды басқару саласындағы заманауи тәсілдер мен технологиялар қолданылды, соның ішінде Agile, GERT және Knowledge Management әдістерінің синергиясы тиімді пайдаланылды.
		Қорғауға шығарылған 3-ережеге баға берудің нәтижесі: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді 4)дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі:	3-ереже: біріктірілген модельді енгізу нәтижесінде команда мотивациясының, жобаны жүзеге асыру қарқыны мен коммуникация сапасының артуын дәлелдейтін эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Бұл тұжырым ғылыми-тәжірибелік зерттеулерге сүйене отырып негізделген. Дәлелдеу деңгейі жанама зерттеу нәтижелеріне сүйеніп анықталған. Зерттеу үдерісінде экономикалық, маркетингтік және статистикалық әдістер қолданылды. Алынған нәтижелер «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін талдау негізінде алынғандықтан, олардың қолдану аясы шектеулі болып табылады.

	1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	
	Қорғауға шығарылған 4-ережеге баға берудің нәтижесі: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	4- ереже: басқару жүйесін трансформациялау процесінде оң нәтижелер көрсеткен инвестициялық тиімділік көрсеткіштері (NPV, IRR, PI) негізінде әзірленген модельдің экономикалық орындылығы бағаланды. Бұл тұжырым ғылыми тұрғыда негізделген және зерттеу барысында экономикалық талдау әдістері, статистикалық деректер мен математикалық құралдар арқылы дәлелденді. Тұжырымның өзіндік ерекшелігі мен жаңашылдығы бар. Автор компанияның ресурстық дамуы жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін арттыру мақсатында басқарудың икемді әдіснамаларын тиімді қолданған.
	Қорғауға шығарылған 5-ережеге баға берудің нәтижесі:	5 - ереже: модельді өзге инфрақұрылымдық ұйымдарда кеңейтіп қолдануға және тәжірибеде іске асыруға мүмкіндік беретін қолданбалы ұсынымдар мен жобалық құжаттардың

		7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия;</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия;</u> 2) жоқ	үлгілері (жоба жарғысы, басқару жоспары, тәуекелдер тізілімі және т.б.) әзірленді. Бұл тұжырым диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған жаңалықтарды тәжірибеде пайдалану әдістемесіне негізделген. Тұжырым толықтай дәлелденген және ұсынылған әдістеменің өзіндік ғылыми-тәжірибелік жаңашылдығы бар. Инвестициялық жобалардың тиімділігін арттыру мақсатында жобалық көрсеткіштерді кешенді талдау мен бағалауға сүйенетін әдістемелік әзірleme ерекше сипатқа ие.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы-негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия;</u> 2) жоқ	Таңдалған әдіснама компанияның ресурстық әлеуетін инвестициялық жобалар арқылы тиімді дамыту міндетін шешуге бағытталған, ол ғылыми теориялармен дәйектеліп, тәжірибе жүзінде іске асырылған.

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері заманауи ғылыми әдістерді — салыстырмалы талдау, статистикалық талдау және экономика-математикалық модельдеу тәсілдерін — қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында деректерді жинау, өңдеу және интерпретациялау үшін тиімді әдістемелер пайдаланылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулерен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық тұжырымдары, әзірленген модельдері мен анықталған өзара байланыстары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибелік зерттеулер арқылы расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы инфрақұрылымдық компанияларда жобаларды басқарудың икемді әдіснамалары мен білімдерді басқару жүйелерін үйлестіре отырып, инвестициялық жобаларды тиімді басқару тетіктерін қалыптастырумен айқындалады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде «инвестициялық жобаларды икемді басқару» және «жобалық қызметтегі білімдерді басқару» ұғымдары нақтыланып, Agile элементтері, Knowledge Management тәсілдері және GERT алгоритмінің үйлесімі негізінде интеграцияланған модель ұсынылған.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> /ішінара расталған/расталмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген маңызды тұжырымдар өзектілігімен ерекшеленеді және заманауи ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен дәлелденген. Автор инвестицияларды басқару мен жобалық менеджмент теориясының негізгі қағидаларына сүйене отырып, шектеулі ресурстар мен тұрақсыз сыртқы орта жағдайында әрекет ететін компаниялар үшін жобаларды басқару жүйесін бейімдеудің ғылыми тәсілдерін ұсынған. Сонымен қатар, зерттеуде білімдерді басқару саласына қатысты еңбектерге ерекше назар аударылып, осы бағыттағы ғалымдардың компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен жобалық менеджментті халықаралық тәжірибеге (PMI, IPMA және ISO стандарттарына) негізделген инвестициялық жобаларды басқару үлгілеріне интеграциялау жөніндегі іргелі зерттеулері жан-жақты қарастырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының мазмұнын толық ашуға жеткілікті. Зерттеу барысында 106 дереккөз және бірқатар нормативтік-құқықтық актілер терең талданып, ғылыми әдеби шолуды қалыптастыру үшін негіз болған.
9	Практикалық құндылық принципі	Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығы жоғары, себебі алынған ғылыми нәтижелердің негізділігі тәжірибелік деректермен және әзірленген әдістемелік шешімдермен дәлелденген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді	Диссертациялық зерттеудің практикалық құндылығы айқын көрініс табады. Бұған «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінде ұсынылған әдістер мен модельдердің шаруашылық келісімшарттар мен ғылыми-зерттеу жобалары аясында

		практикада қолдану мүмкіндігі жоары: 1) ия; 2) жоқ	тәжірибелік қолданысқа енгізілуі дәлел бола алады. Сонымен қатар, әзірленген тәсілдер компанияның инвестициялық жобаларының тиімділігін арттыруға ықпал етеді және алынған ғылыми нәтижелерді экономиканың өзге салаларында бейімдеп пайдалану мүмкіндігін ұсынады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Бұл бағалаудың нақтылы дәлелі ретінде зерттеу нәтижелерінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның инвестициялық саясаты мен корпоративтік білімдерді басқару жүйесіне енгізілуі қарастырылады. Сонымен қатар, орындалған жұмыстардың тәжірибеде қолданылғанын растайтын тиісті актілер тұжырымның дұрыстығын дәлелдейді.
10	Жазу және ресмдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық зерттеу ғылыми еңбектерге қойылатын барлық талаптарға сай орындалған және жоғары деңгейдегі мазмұндық, рәсімдік сапасымен ерекшеленеді.

Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбындағы докторлық диссертациясы толығымен ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады, барлық талаптарға сай орындалған. Сонымен қатар дәйектілігі жаңа нәтижелерді қамтиды. Н.М. Алашбаева 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп қорғауға ұсынамын.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, экономика ғылымдарының докторы

қолын растаймын:



А.А. Адамбекова